

Еңбек жөніндегі статистикалық есептілікті толтыру бойынша нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі Төрағасының 2002 жылғы 12 шілдедегі N 38-Г бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 17 тамызда тіркелді. Тіркеу N 1953. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрайымының 2009 жылғы 24 шілдедегі N 113 Бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Статистика агенттігі Төрайымының 2009.07.24 N 113 Бұйрығымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1 . М ы н а л а р :

1) Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының "Еңбек жөніндегі статистикалық есептілікті толтыру бойынша нұсқаулықты бекіту туралы" 2002 жылғы 12 шілдедегі N 38-Г бұйрығының (2002 жылғы 17 тамызда нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде N 1953 тіркелді, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланды, 2002 ж. , N 34 , 678 - б .) ;

2) ...күші жойылды деп танылсын.

2

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төрайым А. Мешімбаева

Мемлекеттік статистикалық есептілікті жетілдіру мақсатында және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Еңбек жөніндегі статистикалық есептілікті толтыру бойынша нұсқаулық бекітілсін және ол Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап қолданысқа енгізілсін.

2. Еңбек жөніндегі статистикалық есептілікті толтыру бойынша нұсқаулықтың республика аумағында өз қызметін жүзеге асыратын және еңбек жөнінде статистикалық есептілік нысандарын жасайтын ұйымдарға, филиалдар мен өкілдіктерге таратылуы қамтамасыз етілсін.

3. Жоғарыда аталған Нұсқаулық енгізілген сәттен бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика агенттігінің 1996 жылғы 19 желтоқсандағы N 50 қаулысымен бекітілген Жалданып жұмыс істейтіндердің саны мен жалақысы статистикасы жөніндегі нұсқаулықтың күші жойылды деп танылсын.

Төраға

К е л і с і л д і

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі
Вице - Министр
14 тамыз 2002 жыл

Қазақстан Республикасы
Статистика жөніндегі агенттігі
Төрағасының
2002 жылғы 12 шілдедегі
N 38-І бұйрығымен бекітілген

**Еңбек жөніндегі статистикалық есептілікті
толтыру бойынша
Нұсқаулық**

1. Жалпы ережелер

1. Бұл Еңбек жөніндегі статистикалық есептілікті толтыру бойынша нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) еңбек жөніндегі мемлекеттік статистикалық есептілікті жасауды тәртіпке келтіру және оны уақытында әрі заңды алуды қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

2. Нұсқаулық "Қазақстан Республикасындағы Еңбек туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және қызметкерлердің жекелеген санаттарының еңбек қатынастарын анықтайтын өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.

3. Еңбек жөніндегі есептілікті статистикалық органдарға барлық ұйымдар (заңды тұлғалар), олардың филиалдары мен өкілдіктері меншіктің иелігі мен нысанына қарамастан өзінің тұрған жері бойынша табыс етуге міндетті.

Басты ұйым есепті өзінің тұрған жеріндегі статистикалық органға басқа облыстар аумағында орналасқан және олардың тұрған жері бойынша тиісті аумақтық статистикалық органдарға есеп беретін заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерінің деректерінсіз ұсынады.

4. Ұйымдар еңбек бойынша статистикалық есептілікті қатаң түрде белгіленген күнтізбелік есепті кезең уақытына толтырады: ай, тоқсан және жыл. Айлық есеп есепті айдың бірінші күнінен соңғы (қоса санағанда) күні кезеңіне, тоқсандық есеп - тоқсанның бірінші айының бірінші күнінен есепті тоқсанның үшінші айының соңғы күніне (қоса санағанда), жылдық - 1 қаңтардан 31 желтоқсан (қоса) кезеңіне толтырылады.

Деректер жұмыс берушінің актісі және бастапқы есеп құжаттамасының бір ізге түсірілген нысандары: қызметкерді жұмысқа қабылдау, басқа жұмысқа ауыстыру, жеке еңбек шартын бұзу, тоқтату туралы бұйрықтар (өкімдер); жұмыс уақытын пайдалану және жалақы есебінің табельдері, есеп айырысу-төлем тізімдемелерінің және басқа белгіленген тәртіппен бекітілген құжаттардың негізінде толтырылады.

Жұмыс уақытын пайдалану есебінің табелінде жұмысқа келмеу себептері, толық емес жұмыс күні туралы, мерзімнен тыс жұмыс туралы және басқа белгіленген жұмыс режимінен ауытқулар туралы белгілер тиісті құжаттар (еңбекке жарамсыздық қағаздары, іркіліс туралы бұйрықтар (өкімдер), мемлекеттік және қоғамдық міндеттерді атқарғаны туралы анықтамалар) негізінде ғана көрсетіледі.

5. Есепті кезең ішінде құрылымдық бірліктер мен жекелеген бөлімшелер бір ұйымнан екінші ұйымға берілген жағдайда, берген ұйымның еңбек туралы статистикалық есептілігінде көрсетілген деректер жыл басынан бергі кезең үшін алып тасталынады да, осы құрылымдық бірліктер мен бөлімшелер құрамына кірген ұйымның есебіне дәл солай жыл басынан бастап енгізіледі.

Есепті кезең ішінде ұйым (заңды тұлға) таратылған немесе қайта ұйымдастырылған кезде олар жұмыс істеген кезеңдегі (жыл басынан бастап олардың таратылған немесе қайта ұйымдастырылған мезетіне дейін) деректер еңбек жөніндегі есептіліктен шығарылмайды және жыл аяғына дейін есептеледі.

Заңды тұлға өз қызметін тоқтатты деп Заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеліміне осы туралы жазба енгізілгеннен кейін саналады.

Заңды тұлғаның шаруашылықты жүргізуді ұйымдастыру-құқықтық нысандары өзгерген жағдайда, ұйымның жаңа статусы бойынша деректер осы өзгеріс болған айдан бастап есептеледі, бұрынғы статусы бойынша жыл басынан бергі айлардағы деректер еңбек жөніндегі есептіліктен шығарылмайды.

6. Еңбек жөніндегі есептіліктерде қателер және басқа бұрмалаушылықтар анықталған жағдайда, ұйымдар есептік деректерді сол қателер және бұрмалаушылықтар орын алған есепті кезеңдегі (ай, тоқсан, жыл) есептерде өспелі қорытынды деректер бойынша, сондай-ақ бұдан кейінгі барлық есептерде жөндейді.

2. Қызметкерлер саны

7. Еңбек жөніндегі статистикалық есептілікте ұйымдар қызметкерлердің саны бойынша мынадай көрсеткіштерді толтырады (есепті кезеңдегі орташа саны):

1) қызметкерлердің тізімдік саны;

2) қызметкерлердің нақты саны;

3) жұмысты азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша орындаушы адамдар.

8. Қызметкерлердің тізімдік саны - азаматтық-құқықтық шарт бойынша жұмыс істейтін қызметкерлерден басқа, жасасу мерзіміне байланысты емес жеке еңбек шарты бойынша қабылданған тұлғалар саны.

Тізімдік санда жұмыс берушінің актісін атқара отырып, белгілі бір мамандық, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмысты орындайтын, есепті кезеңде ұйымның тізімінде бар барлық қызметкерлер ескеріледі.

9. Қызметкерлердің нақты саны (орташа жалақыны есептеу үшін алынатын) - жұмысқа ресми тіркелуі бар (жүктілігі және босануы бойынша, балаға күтім жасау бойынша, және басқа да демалыстарда жүрген адамдар) қызметкерлердің жекелеген санаттары шегерілген тізімдік құрамдағы қызметкерлердің саны.

Орташа жалақыны есептеу үшін есепті кезеңде ұйымда нақты жұмыс істеген қызметкерлер саны қолданылады.

10. Жұмысты азаматтық-құқықтық шарт бойынша орындайтын адамдарға (яғни ұйымның тізімдік құрамында тұрмайтындарға) ұйымның ішкі тәртібіне бағынбай жүзеге асырылатын, белгілі бір жұмысты (бір жолғы, арнаулы шаруашылық, жұмыстың нақты бір көлемін орындау үшін) орындау мерзіміне ғана шарт немесе келісім-шарт бойынша қабылданғандар.

11. Жеке еңбек шартын жасасу кезінде келісілген өзінің негізгі жұмысымен қатар, сол ұйымда басқа лауазым бойынша (немесе екі, бір жарым ставкасы бар) қосымша жұмыс орындайтын қызметкер осы ұйым қызметкерлерінің тізімдік санында бір адам ретінде (тұтас бірлік) есепке алынады.

12. Тізімдік құрамға енгізілетін қызметкерлер:

1) шын мәнінде жұмысқа келгендер және іркіліс себебі бойынша жұмыс істемегендерді қоса;

2) қызметкердің оған тапсырылатын жұмысқа сәйкестігін тексеру мақсатында жұмысқа сынақ мерзімімен қабылданғандар (маусымдық қызметкерлерге белгіленбейді). Бұл қызметкерлер құрамдық тізімге еңбек міндеттерін жүзеге асыруды бастаған күннен енгізіледі;

3) жеке еңбек шартының талаптары бойынша толық емес жұмыс күніне немесе толық емес жұмыс аптасына жұмысқа қабылданғандар. Бұл топқа "Қазақстан Республикасындағы Еңбек туралы" Заңға сәйкес жұмыс уақытының

қысқартылған ұзақтығы белгіленген қызметкерлер санаты жатпайды (он төрт жастан он алты жасқа дейінгі және он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі қызметкерлер; ауыр дене жұмыстарында және еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтіндер);

4) қызмет бабындағы іссапарларда жүргендер, сондай-ақ шетелдерде қызмет бабындағы қысқа мерзімді іссапарларда жүрген қызметкерлерді қоса, егер оларға сол ұйымдағы жалақысы сақталатын болса;

5) жұмыс берушімен жұмысты үйінде өз еңбегімен орындау туралы жеке еңбек шартын;

6) ұйымнан тыс жерлерде уақытша жұмыс істейтіндер (жүктелім бойынша), егер олар жалақыны осы ұйымнан алатын болса;

7) басқа ұйымдардан жұмысқа уақытша тартылғандар, егер олардың жалақысы негізгі жұмыс орны бойынша сақталмайтын болса;

8) жұмысты вахталық әдіспен орындау үшін жіберілген қызметкерлер;

9) уақытша жұмыста жоқ қызметкерлердің (ауырғанына, жүктілігі және босануы бойынша демалыста, сәбиге күтім жасау бойынша демалыста) орнына қабылданғандар;

10) ұйымда өндірістік практика өткізіп жүрген және жұмыс орнына немесе лауазымға қабылданған білім беру мекемелерінде оқитын студенттер (оқушылар);

11) жоғары оқу орындарының ғылыми-зерттеу секторлары жұмысқа тартқан жоғары оқу орындарының күндізгі бөлім студенттері мен аспиранттары, егер олар штаттық лауазымға қабылданған болса;

12) бірлескен кәсіпорындарда жұмыс істейтін басқа елдердің жұмысшылары мен мамандары, сондай-ақ шетел жұмысшы күштері - Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген квота шегінде республика аумағында еңбек әрекетін жүзеге асыру үшін жұмыс беруші елден тысқары жалдаған шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар.

13. Сондай-ақ тізімдік құрамға ұйымда уақытша жоқ болған қызметкерлер де кіреді:

1) ауруына байланысты жұмысқа келмегендер (еңбекке жарамсыздық қағазына сәйкес жұмысқа шыққанға дейін ауырған бүкіл кезеңіне немесе мүгедектікке шыққанға дейін);

2) мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындауға байланысты жұмысқа шықпағандар;

3) соның ішінде құрылыс, монтаждау және реттеу жұмыстарын орындау мақсатында қызметтік ұзақ мерзімге іссапарға жіберілгендер;

4) біліктілігін арттыру немесе қайта даярлау үшін білім беру ұйымдарына немесе білім беру қызметімен айналысуға құқығы бар білім беру ұйымдарына

өндірістен қол үзіп жіберілгендер, егер олардың жалақысы сақталатын болса;

5) ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысында, заңнамада көзделген реттерде берілетін ақы төленетін жыл сайынғы қосымша еңбек демалысында жүргендер;

6) жүктілігі және босануы бойынша демалыста жүрген әйелдер, сондай-ақ жаңа туған нәрестелерді тікелей перзентханадан асырап алған әйелдер (еркектер);

7) баласы республика заңнамаларында белгіленген жасқа толғанға дейін оған күтім жасау үшін жалақысы сақталмай берілетін қосымша демалыста жүрген әйелдер, сондай-ақ жаңа туған нәрестелерді тікелей перзентханадан асырап алған және жалақысы сақталмайтын қосымша демалыста жүрген әйелдер (еркектер);

8) білім беру ұйымдарында не білім беру қызметімен айналысуға құқығы бар ұйымдарда оқитын (кешкі немесе сырттай) және емтихандар тапсыру, диплом жобасын (жұмысын) дайындау және қорғау, бітіру емтихандарын тапсыру кезеңінде ақы төленетін немесе ақы төленбейтін қосымша демалыста жүрген қызметкерлер, сондай-ақ тиісті білім беру ұйымдарына оқуға түсетін және қызметкердің арызы негізінде тараптардың келісімімен түсу емтихандарын тапсыру үшін жалақысы сақталмайтын демалыста жүрген қызметкерлер;

9) әкімшіліктің рұқсатымен (қызметкердің өтініші негізінде) жалақысы сақталмайтын демалыста жүргендер;

10) өндірістегі іркіліске байланысты ақысыз демалыста жүргендер;

11) ұйымның жұмыс кестесіне сәйкес, сондай-ақ жұмыс уақытының жиынтық есебін шығарғанда артық істеген уақыты үшін демалыс күні барлар;

12) демалыс немесе мереке (жұмыс істемейтін) күндеріндегі жұмыс үшін қосымша демалыс күнін алғандар;

13) ұжымдық еңбек дауларын шешу жөніндегі ереуілдерге қатысушылар;

14) әкімшілік құқық бұзғаны үшін әкімшілік қамауға алынған қызметкерлерді қоса, қыдырымпаздыққа салынғандар;

15) өкім шыққанға дейін тергеуде жатқандар.

14. Тізімдік құрамға кірмейтін қызметкерлер:

1) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмыс істейтіндер, егер бұл қызметкерлер басқа ұйымдардың тізімдерінде болса;

2) басқа ұйымға уақытша жұмысқа жіберілгендер, егер олардың негізгі жұмыс орнындағы жалақысы сақталмайтын болса;

3) жұмыс беруші білім беру ұйымдарында немесе білім беру қызметімен айналысуға құқығы бар білім беру ұйымдарына өндірістен қол үзіп оқуға жіберілген, жұмыс берушінің қаражаты есебінен стипендия алатындар.

15. Белгілі бір күнгі қызметкерлер саны - бұл ұйымның тізімдік құрамдағы қызметкерлер санының есепті кезеңдегі белгілі бір күнгі көрсеткіші: айдың

бірінші немесе соңғы күнгі, онда сол күні қабылданғандарды қосады және жұмыстан кеткендерді шығарады.

16. Белгіленген кезең ішінде қызметкерлердің орта тізімдік санын анықтау үшін тізімдік құрамдағы қызметкерлер санының күн сайынғы есебі жүргізіледі, ол жұмыс берушінің актілері негізінде нақтылануға тиіс (қабылдау, қызметкерлерді басқа жұмысқа ауыстыру және жеке еңбек шартын тоқтату туралы бұйрықтар мен өкімдер). Тізімдік құрамдағы қызметкерлердің әр күнгі саны қызметкерлердің жұмыс уақытын пайдалануын есепке алу табелінің деректеріне сәйкес болуы қажет.

Есепті айдағы қызметкерлердің орташа тізімдік саны мереке (жұмыс істемейтін) және демалыс күндерін қоса есепті айдың әрбір күнтізбектік күндегі, яғни айдың 1-нен 30 немесе 31 (ақпан айы үшін - 28 немесе 29-ын қоса) күнін қоса, тізімдік құрамның қызметкерлер санын қосу және алынған соманы айдағы күнтізбектік күндер санына бөлу жолымен есептеледі.

Демалыс немесе мереке (жұмыс істемейтін) күнгі тізімдік құрамдағы қызметкерлер саны соның алдындағы жұмыс күнгі қызметкерлердің тізімдік санына тең деп қабылданады. Қатарынан екі немесе одан да көп демалыс немесе мереке (жұмыс істемейтін) күндер болса, осы күндердің әрқайсысындағы тізімдік құрамдағы қызметкерлер саны әлгі демалыс немесе мереке (жұмыс істемейтін) күндердің алдындағы жұмыс күнгі тізімдік құрамдағы қызметкерлер санымен теңдей етіп алынады.

17. Толық ай істемеген ұйымдардағы (пайдалануға жаңадан құрылған, таратылған, өндірістің маусымдық сипаты бар ұйымдардағы) қызметкерлердің орташа тізімдік саны ұйымның есепті айдағы барлық жұмыс күндеріндегі, жұмыс кезеңіндегі демалыс және мереке (жұмыс істемейтін) күндерді қоса, тізімдік құрамдағы қызметкерлер санының қосындысын есепті айдағы күнтізбелік күндердің жалпы санына бөлу жолымен анықталады.

18. Тоқсан ішіндегі қызметкерлердің орташа тізімдік саны ұйымның тоқсандағы жұмыс істеген барлық айларындағы қызметкерлердің орташа тізімдік санын қосу және алынған санды үшке бөлу жолымен анықталады.

19. Жыл басынан бастап есепті айды қоса есептеген кезеңдегі қызметкерлердің орташа тізімдік саны жыл басынан бастап есепті айды қоса есептеген кезеңдегі барлық өткен айлардағы қызметкерлердің орташа айлық санын қосу және жыл басынан бергі кезең ішінде ұйымның жұмыс істеген айларының санына әлгі қосындыны бөлу жолымен анықталады.

20. Қызметкерлердің орташа жылдық тізімдік саны есепті жылдың барлық орташа айларындағы қызметкерлердің орташа санын қосу және алынған қосындыны 12-ге бөлу жолымен анықталады.

21. Егер ұйым толық жыл істемесе (жұмыс сипаты маусымдық немесе пайдалануға есептік жылдың қаңтарынан кейін құрылған), онда қызметкерлердің орташа жылдық тізімдік саны ұйымның жұмыс істеген барлық айларындағы қызметкерлердің орташа тізімдік санын қосып, алынған қосындыны 12-ге бөлу жолымен анықталады.

3. Қызметкерлердің нақты саны (орташа жалақыны есептеу үшін алынатын)

22. Қызметкерлердің нақты санын алу үшін (орташа жалақыны есептеу үшін алынатын) тізімдік құрамдағы қызметкерлер санынан мынадай санаттағы қызметкерлер шығарылады:

1) жүктілігі және босануы бойынша демалыста жүрген әйелдер, сондай-ақ жаңа туған нәрестелерді тікелей перзентханадан асырап алған әйелдер (еркектер);

2) республика бекітілген заңнамалары белгілеген жасқа дейін балаға күтім жасау үшін жалақысы сақталмайтын қосымша демалыста жүрген әйелдер, сондай-ақ жаңа туған нәрестелерді тікелей перзентханадан асырап алған және жалақысы сақталмайтын қосымша демалыста жүрген әйелдер (еркектер);

3) құрылыс, монтаждау және реттеу жұмыстарын орындау үшін қызметтік іссапарға жіберілгендер;

4) білім беру ұйымдарында немесе білім беру қызметімен айналысуға құқығы бар ұйымдарда оқитын (кешкі немесе сырттай) және емтихандар тапсыру, диплом жобасын (жұмысын) дайындау және қорғау, бітіру емтихандарын тапсыру кезеңінде ақы төленетін немесе ақы төленбейтін қосымша демалыста жүрген қызметкерлер, сондай-ақ тиісті білім беру ұйымдарына оқуға түсетін және қызметкердің арызы негізінде тараптардың келісімімен түсу емтихандарын тапсыру үшін жалақысы сақталмайтын демалыста жүрген қызметкерлер;

5) өндірістегі іркіліске байланысты ақысыз демалыста жүргендер.

23. Орташа жалақыны есептеу үшін қабылданған санға есептеліп ескеріледі, а т а п а й т қ а н д а :

1) толық емес жұмыс күніне немесе толық емес жұмыс аптасына қабылданған (ауыстырылған) қызметкерлердің нақты саны есепті айдағы нақты істелген адам-сағатты жұмыс күнінің бекітілген ұзақтығына бөлумен анықталады;

2) үйде жұмыс істейтіндер саны оларға нақты есептелген бір ай ішіндегі жалақы қорын есепті айдағы негізгі қызметтегі бір қызметкердің орташа айлық жалақысына бөлу жолымен есептеп шығарылады;

3) жұмыс берушімен құқықтық-азаматтық мағынада отырған шарттар бойынша ұйымдарда жұмыс істеу үшін тартылғандар, соның ішінде Қазақстан

Республикасының заңнамаларында көзделген реттерде қоғамдық жұмыстарға жіберілген жұмысшылар.

Осы Нұсқаудағы 23-тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген қызметкерлердің есепті саны оларға бір айға нақты есептелген жалақы қорын осы ұйымның бір жұмысшысының орташа айлық жалақысына бөлумен анықталады.

24. Орташа жалақыны есептеу үшін қабылданған санды айда (тоқсанда, жылда) толық істемеген ұйымдар бойынша есептеу тәртібі осы Нұсқауда 15-21-тармақтарында көрсетілген тәртіппен бірдей.

4. Ұйымның негізгі және негізгі емес қызметінде қамтылған қызметкерлер

25. Ұлттық есептер жүйесіне сәйкес, тауарлар мен қызмет көрсету өндірісі процесінде өндірістік бірліктер негізгі және екінші (негізгі емес) қызметті бір жағынан, және екінші жағынан қосымша қызметті жүзеге асырады. Сондықтан еңбек бойынша есептілікте ұйымдар қызметкерлер санын негізгі қызметте қамтылған қызметкерлер және екінші (негізгі емес) қызметте қамтылған қызметкерлер деп бөледі.

26. Негізгі ұйымның қызметтегі қамтылған қызметкерлерге тікелей негізгі өнім (тауарлар немесе қызмет көрсету) және басқа ұйымдарда немесе кәсіпорындарда өткізілуі мүмкін негізгімен қатар сөзсіз алынатын жанама өнімдер өндірісінде қамтылған қызметкерлер жатады.

27. Екінші ұйымның (негізгі емес) қызметтегі қамтылған қызметкерлерге қызметтің өзге (негізгіден басқа) түрлеріне жататын жұмыстарды орындайтын қызметкерлер жатады.

28. Қызметтің көмекші түрімен айналысатын қызметкерлер қызметтің негізгі және екінші (негізгі емес) түрлерін жүргізу үшін іс жүзінде жағдай жасайды. Көмекші қызметтің нәтижесі болып табылатын өнім, ұйымның өз ішінде пайдалануға арналады.

5. Қызметкерлер құрамының санаттары

29. Еңбек бойынша статистикалық есептілікте қызметкерлер саны негізгі екі санатқа бөлінеді: жұмысшылар және қызметшілер.

30. Жұмысшыларға тауарлар (қызмет) өндіру процесіне тікелей қатысатын, сондай-ақ жөндеу, жүк алып өту, жолаушылар тасымалдау, материалдық қызмет көрсетумен айналысатын тұлғалар жатады.

31. Әкімшілік-шаруашылық, басқарушылық функцияларын, сондай-ақ инженерлік-техникалық, экономикалық және басқа жұмыстармен айналысатын адамдар жатады.

32. Ұйымдағы жұмыспен қамтылған барлық қызметкерлер Қазақстан Республикасының қазіргі күші бар заңдарына сәйкес жұмыс топтары бойынша бөлінеді.

33. Кәсіп деп адамның оқу нәтижесінде алған мамандығы (біліктілігі) емес, табыс (еңбекақы) әкелетін, яғни атқаратын лауазымы, жұмысы немесе жұмыс орнында орындайтын кез келген пайдалы қызметі түсініледі.

34. Жұмыс топтары бойынша қызметкерлерді жіктеу мынадай негізгі топтар бойынша жүзеге асырылады:

1) ұйым басшыларын қоса барлық деңгейдегі билік органдары мен басқармалардың басшылары (өкілдері);

2) біліктіліктің жоғары деңгейіндегі мамандар;

3) біліктіліктің орта деңгейіндегі мамандар (көмекші қызметкерлер);

4) ақпараттар дайындаумен, құжаттамаларды ресімдеумен, есеп жүргізу және қызмет көрсетумен айналысатын қызметшілер;

5) қызмет көрсету, тұрғын үй-коммуналды шаруашылық, сауда саласындағы және қызметтің сабақтас түрлеріндегі қызметкерлер;

6) ауыл, орман, аңшылық шаруашылықтарындағы, балық өсіру және балық аулаудағы білікті қызметкерлер;

7) ірі және ұсақ өнеркәсіптік ұйымдардың, көркемөнер кәсіпшілігінің, құрылыстың, көліктің, байланыстың, геология мен жер қойнауын барлаудың білікті жұмысшылары;

8) операторлар, аппаратшылар, қондырғылар мен машиналар машинистері және темір ұсталары-құрастырушылар;

9) біліктілігі жоқ жұмысшылар.

6. Жалақы қоры

35. Ұйымдар еңбек жөніндегі есептерінде қызметкерлер еңбегіне ақы төлеу үшін есептелген жалақы қорын көрсетеді.

36. Жалақы қоры (еңбегіне ақы төлеу) - Қазақстан Республикасының заңнамаларға сәйкес және олардың қаржыландыру көзі мен оларды нақты төлеу мерзіміне байланыссыз, салықтар мен басқа да ұстап қалулар (табыс салығы, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарнасы) ескерілген, ұйымның қызметкерлердің еңбегіне есептелген ақы төлеу үшін ақшалай және заттай нысандағы жиынтықты ақшалай қаражаттары (лауазымдық айлықақылар (тарифтік мөлшерлемелер), қосымша төлемдер, үстеме ақылар, сыйлықақылар

және өзге де ынталандыру мен өтемдік сипаттағы төлемдер).

Жалақы қорында ақша да, сондай-ақ ақша бірлігіне ауыстырылған заттай ақы төлеу нысанындағы да барлық төлемдер ескеріледі.

37. Төлеу үшін есептелген ақшалай сомалар, заңнамаларға сәйкес, қызметкерлерге жұмыс істелмеген уақытқа (жыл сайынғы демалыс, мерекелік күндер) төлеу үшін есептелген ақшалай сомаларды қоса, қызметкерлермен жалақысы бойынша есеп айырысатын төлем құжаттарына сәйкес көрсетіледі. Көрсетілген сомалар "бруттоға", (Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес салықтар мен басқа да ұстап қалулар шегерілмеген), келтіріледі.

38. Ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалыстарына, ақы төленетін жыл сайынғы қосымша еңбек демалыстарына есептелген сомалар осы айдың демалыс күндеріне келетін сомада ғана есепті айда көрсетіледі. Келесі айдағы демалыс күндері үшін есептелетін сома келесі айдың есебіне кіреді.

39. Еңбекке ақы заттай төленген жағдайда еңбек жөніндегі есептерге қызметкерлерге берілетін заттай тауарлар мен қызмет көрсетулердің құндық бағасы кіргізіледі.

40. Жалақы қорына қосылатындар:

1) қызметкерлерге орындалған жұмыс немесе нақты жұмыс істелген уақыт үшін тарифтік мөлшерлемелер, лауазымдық (базалық) айлықақылар, түскен табыстан пайызбен және үлеспен келісімді бағаламалар бойынша, ұйымда қабылданған еңбекке ақы төлеудің нысандары мен жүйелеріне байланысты емес, е с е п т е л г е н ж а л а қ ы ;

2) жұмыс режимі және еңбек жағдайларына байланысты өтемдік төлемдер: экологиялық апат және радиациялық қатер аймақтарында тұрғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жүргізілетін төлемдер; еңбек жағдайлары үшін қосымша төлемдер (ең негізгі еңбек жағдайында, сондай-ақ өте ауыр және өте зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істегені үшін); түнгі уақытта жұмыс істегені үшін қосымша төлемдер; демалыс және мереке (жұмыс істемейтін) күндеріндегі жұмыстарға ақы төлеу ;

жұмыс кезінен тыс уақыттағы жұмысқа ақы төлеу; жер астындағы жұмыстарда ұдайы болатын қызметкерлерге шахтадағы (рудниктегі) оқпаннан жұмыс орнына дейін және кейін қайтатын нормативтік уақыт үшін қосымша төлемдер;

геологиялық барлау, топографиялық-геодезиялық және басқа дала жұмыстарында істейтін қызметкерлерге Қазақстан Республикасының заңнамалары белгілеген мөлшерде берілетін далалық қаражат; тұрақты жұмысы жол үстінде өтетін немесе жол жүру сипаты бар, немесе қызмет көрсету учаскелері шегінде қызметтік жол жүрумен байланысты

Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген мөлшерде тәуліктік ақының орнына жалақыға қосылатын төлемақылар;

жұмыс графигінде көзделген, вахта кезеңінде жұмысты вахталық әдіспен орындау кезінде жұмыс жүргізу орындарында болған әрбір күнтізбелік күнге, сондай-ақ ұйымның орналасқан жерінен жұмыс істейтін жерге дейінгі жолдағы және кері қайту жолындағы нақты күндерге төленетін үстеме ақылар;

қызметкерлерге жұмысты вахталық әдіспен ұйымдастыру кезіндегі жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығынан тыс жұмысқа байланысты, жұмыс уақытының жиынтық есебіне және заңнамамен белгіленген басқа жағдайларда демалыс (қол бос уақыт) күндері үшін төленетін үстеме ақылар;

3) ынталандыру сипатындағы төлемдер:

тарифтік мөлшерлемелер мен лауазымдық айлықақыларға үстеме ақылар (еңбек сіңірген жылдары, жұмыс стажы, кәсіби шеберлігі, мемлекеттік тілді білуі, ғылыми дәрежесі, дипломатиялық рангі және тағы басқалар), бір жолғы ақшалай сыйақылар;

өндірістік нәтижелері үшін сыйлықақылар (тұрақты немесе мерзімді сипаттағы, олардың төлем көздеріне байланысты емес);

төлем көздеріне байланысты емес біржолғы сыйлықақылар;

бір жылдық жұмыс қорытындысы бойынша сыйақылар;

ұжымдық шартпен немесе жұмыс берушінің актілерімен анықталған басқа да төлемдер мен көтермелеулер;

4) жұмыс істелмеген уақытқа ақы төлеу:

жыл сайынғы еңбек және қосымша еңбек демалыстарына ақы төлеу, пайдаланылмаған демалыс үшін ақшалай төленетін өтемақы;

жұмыстағы арнаулы үзілістерге ақы төлеу, жасөспірімдердің жеңілдікті сағаттарына ақы төлеу;

мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындауға тартылған қызметкерлердің жұмыс уақытына ақы төлеу;

қызметкерлердің кінәсынан болмаған іркілістерге ақы төлеу;

амалсыздан жұмыссыз жүрген уақыт үшін ақы төлеу;

жұмыс уақытын амалсыздан толық істемеген қызметкерлерге ұйым қаражаты есебінен төленетін сомалар;

білім беру ұйымдарына немесе білім беру қызметімен айналысуға құқығы бар ұйымдарға өндірістен қол үзіп біліктілігін арттыру және қайта даярлау үшін жіберілген қызметкерлерге негізгі жұмыс орны бойынша есептелген жалақы;

5) өзінің негізгі жұмысынан босатылмастан қызметтерді қоса атқарғаны (қызмет көрсету аймақтарын кеңейткені) немесе жұмыста уақытша болмаған қызметкердің міндеттерін орындағаны үшін төленетін қосымша ақы сомалары;

6) еңбек міндеттерін орындауға байланысты алған еңбек жарақатынан,

кәсіптік аурудан немесе денсаулығына өзге де зақым келуден еңбекке жарамдылығын жоғалтқан жағдайда бұрынғы жалақысы мен жаңа жұмысындағы жалақысының арасындағы айырмашылықты төлеу сомасы;

7) газет, журнал және өзге де бұқаралық ақпарат құралдарының редакциялары қызметкерлерінің тізімдік құрамында тұрған қызметкерлерге төленетін қаламақы;

8) тарифтік мөлшерлемеге (айлыққа) қосымша төлене ме немесе негізгі ақы төлеу болып табыла ма, оған байланысты емес пайыздық немесе комиссиялық сыйақылар, атап айтқанда, штаттағы делдалдарға;

9) ұйымда өндірістік практикадан өтіп жүрген және жұмыс орындарына немесе лауазымдарға алынған білім беру ұйымдарында оқитын студенттердің (оқушылардың) еңбегіне ақы төлеу;

10) жұмыс берушілермен жасалған шартқа сәйкес ұйымда отырылған құқықтық-азаматтық жұмыс істеу үшін тартылған тұлғалардың орындаған жұмыстары үшін, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген жағдайларда қоғамдық жұмыстарға жіберілген жұмыссыздарға есептелген, осы тұлғаларға қалай тікелей қолдарына берілсе, солай ұйымдарға да аударылған сомалар;

11) әскери қызметтегі міндеттерін орындауға байланысты алатын әскери қызметшілер мен ішкі істер органдарының қызметкерлеріне төленетін төлемдердің барлық түрлері;

12) ұйым қызметкерлерінің тізімдік құрамында тұрмайтын, жұмысты (қызмет көрсетуді) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт жасасу бойынша орындайтын тұлғалардың еңбегіне ақы төлеу. Мұның өзінде бұл қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу қаражатының көлемі осы шарт бойынша жұмысты (қызмет көрсетуді) орындау сметасына және төлем құжаттарына сүйеніп анықталады;

13) заттай ақы төлеу ретінде берілетін өнімнің құны.

41. Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы есептелген жалақы қорының сомасын қызметкерлердің нақты санына бөлу жолымен анықталады.

7. Жалақы қорында есепке алынбайтын төлемдер мен шығыстар

42. Ұйымның (заңды тұлғаның) тарауына, жұмыс берушінің (жеке тұлғаның) қызметін тоқтатуына, қызметкерлердің санын немесе штатты қысқартуға байланысты жеке еңбек шартын бұзу нәтижесінде оларды шығару (босату) кезінде төленетін өтем сомалары.

43. Осы ұйымда жұмыс істемейтін адамдарға (зейнеткерлерге, мүгедектерге, қаза тапқан қызметкерлердің отбасына) көрсетілетін материалдық көмек.

44. Қызметкердің орындаған жұмысына байланысты емес жағдайларда, қызметкерге: үйлену тойына, нәрестелі болған кезде, ақылы медициналық операция жасатуға, жерлеуге бір жолғы ретте көрсетілетін материалдық көмек және құжатпен дәлелденген жағдайда жаппай сипаты жоқ басқа да төлемдер.

45. Жұмыс берушінің кінәсінен алған жарақатына немесе денсаулығына өзге де зақым келсе келтірілген зиянды өтеуге қызметкерге сақтандыру өтемі төленбейтін кезде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіп пен жағдайларда қызметкерге төленетін төлемақылар.

46. Жұмыс берушінің қаражаты есебінен төленетін жалпы ауруына, еңбек жарақатына немесе кәсіби ауруына, жүктілігі мен босануына байланысты еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақылар, сондай-ақ бала асырап алған әйелдерге (еркектерге) төленетін әлеуметтік жәрдемақылар.

47. Қызметкерлерді оқытуға байланысты шығыстар (осы Нұсқаудағы 40-тармақтың 4-тармақшасының тоғызыншы абзацында көрсетілген жалақыға кететін шығыстардан басқа):

1) кешкі және сырттай білім беру ұйымдарында, сырттай аспирантурада оқитын, сондай-ақ аспирантураға түсетін қызметкерлерге берілетін оқу демалыстарына ақы төлеу;

2) жұмыс беруші (ұйымдар) оқу орындарына оқуға жіберген студенттер мен оқушыларға тараптардың келісімі бойынша ұйымның қаражаты есебінен төленетін стипендиялар;

3) Қазақстан Республикасының Президенті тағайындаған мемлекеттік Арнаулы стипендияларды, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мемлекеттік стипендияларды төлеу.

48. Халықаралық немесе шетелдік бейкоммерциялық және қайырымдылық ұйымдары берген, грант түрінде алынған сомалар.

49. Қызметкерлерге үй салу, сатып алу, тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін берілетін материалдық көмек, субсидиялар, қызметкерлерге осы және басқа мақсаттарға берілген несиелерді (соның ішінде ипотекалық) өтеу үшін шығыстар.

50. Өкілдік шығыстар.

51. Тараптардың келісімі бойынша ғылым, әдебиет, өнер, өнертабыс шығармаларын жасауға, басуға және өзге де пайдалануға шарт бойынша төленетін авторлық сыйақылар (осы Нұсқаудағы 40-тармақтың 7-тармақшасында көрсетілген сомалардан басқа).

52. Қазақстан Республикасының заңнамаларда белгіленген нормалар шегінде және олардан тыс қызмет бабындағы іссапар кезін өтеу (іссапарда болған

уақыттағы тәуліктік ақыны қоса тағайындалған жерге дейін бару және қайту шығыстары, тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығыстар).

53. Тараптардың келісімі бойынша қызметкерлердің басқа жердегі жұмысқа ауыстырылуына байланысты шығыстарын өтеу.

54. Тараптардың келісімі бойынша қызметкерге жеке автомобилін қызмет мақсатында пайдаланғаны үшін материалдық шығындарын (еңбек ақысын төлеу сомаларынсыз) өтеу.

55. Соның ішінде құрылыс, монтаждау және реттеу жұмыстарын орындау мақсатында қызметтік ұзақ мерзімге іссапарға жіберілгендер және пәтерлік ақылар орнына негізгі жұмыс орны бойынша сақталатын орташа табысының сомалары.

56. Қызметкерлерге берілген арнаулы киім мен аяқ киімнің және басқа жеке қорғану құралдарының, сабын және басқа жуу құралдарының, зарарсыздандыру құралдарының, сүттің және емдеу-профилактикалық тамақтанудың құны немесе ұйым әкімшілігі оларды бермеген жағдайда қызметкерлердің өздері сатып алған арнаулы киім мен аяқ киім және басқа жеке қорғану құралдары үшін шығындарын өтеу.

57. Мәдени-ағарту, сауықтыру және басқа іс-шараларды жүргізуге кеткен шығыстар (осы Нұсқаудағы 6-тарауда көрсетілген сомалардан басқа).

58. Экономиканың жекелеген салаларындағы қызметкерлерге ақысыз берілген тамақ пен өнімдердің құны, қызметкерлерге ақысыз берілетін тұрғын үй мен коммуналдық қызметке ақы төлеу бойынша шығыстар немесе оларды ақысыз бермегендігі үшін ақшалай өтемақының сомасы (Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес).

59. Ұйымның тамақтану құнын төлеуі (толықтай немесе ішінара), соның ішінде (талондар түрінде асханаларда, дәмханаларда) Қазақстан Республикасы заңдарында көзделгеннен тыс.

60. Қызметкерлердің тұрғын жай (пәтер ақысы, жатақханадағы орынға, жалға) мен коммуналдық қызметке ақы төлеу бойынша шығыстарының орнын толтыру ретінде Қазақстан Республикасы заңнамаларда көзделгеннен тыс ұйымның төлеген сомалары.

61. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ақысыз берілетін, кейіннен жеке тұрақты пайдалануында қалатын заттардың (арнаулы киімді, киім-кешекті қоса) құны немесе оларды төмендетілген бағамен сатуға байланысты жеңілдіктер сомасы (осы Нұсқаудың 56-тармақта көрсетілген шығыстардан басқа).

62. Қызметкерлерге жұмыс берушінің қаражаты есебінен денсаулық сақтау, білім беру, туризм және демалыс қызметтерінің әр түрін көрсететін тиісті

ұйымдарға ақы төлеу бойынша шығыстар, сондай-ақ тараптардың ескеру келісімі бойынша ата-аналардың балаларын мектепке дейінгі мекемелерде ұстағаны үшін төлемнің орнын толтыру бойынша шығыстар.

63. Жалпы пайдаланудағы көлікпен, арнаулы маршруттармен, ведомстволық көлікпен жұмыс орнына бару ақысын төлеу.

64. Жұмыс берушінің қаражаты есебінен ұйымдар өз қызметкерлерінің пайдасы үшін жасасқан жеке басты, мүлікті және өзге де сақтандыру шарттары бойынша ұйымдар төлейтін сақтандыру төлемдері (жарналары).